

Бүгінде кәсіпкерлікті қолдау аясындағы мемлекеттік бағдарламалар өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұртшылыққа дем беруде. Мемлекеттік бағдарламалар септігімен өз кәсібін өркендеткен ауыл тұрғындары да көп. Әсіресе, нәзік жандар қоғамға белсене араласып, өз ісін ашуда. Кәсібінен береке тапқан әйелдер қауымы осындай мүмкіндік болғаны үшін ризашылықтарын білдіреді. Солардың бірі Ақсуат ауылдық округінің тұрғыны Ләззат Есіркепқызы ауылынан шағын наубайхана ашты. Қазір кәсібі өрге басып тұр.



НАУБАЙШЫ

—Негізгі мамандығым аспаз-технолог ұйымдастырушы. 1997 жылдан бастап Тасбөгет кентінде наубайханада жұмыс істедім. Ол жақта 10 жылдай жұмыс істеп, Ақсуат ауылдық округіне көшіп келдім. Наубайхана ашу негізгі мақсаттарымның бірі еді. Ауылда осы кәсіпті қолға алудың сәті түсті. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында несие алып, кәсібімді бастауға шешім шығардым. Ол қаражатқа құрал-жабдық алдым. Қазіргі уақытта ауыл тұрғындарынан өнімдімен қамтамасыз етіп отырмыз. Біз күні бойы нан пісіріп, уақытында дүкендерге жөнелтіп отырамыз. Әр нанның салмағы 550 грамды құрайды. Тәулігіне екі қап нан жабамыз. Екі қаптан 250 бөлке нан шығады. Бөлке нанға сұраныс жоғары. Бөлке нанды ауыл тұрғындары мен Тасбөгет кентіне өткіземіз. Тұтынушыларға нанды ыстықтай жеткіземіз. Таба нан мен тәтті тоқаштарды тапсырыспен пісіреміз. — дейді Ләззат Есіркепқызы.

Кәсіпкер алдағы уақытта осы саланы кеңейтіп, басқа да нан өнімдерін шығаруды жоспарлауда.

— Бастапқыда қиын болды. «Нанды қалай сатамыз? Тапсырыс бола ма?» деген мәселелер болды. Оңай жерде жұмыс жоқ. Сондықтан үлкен кәсіп иесі болу үшін қиындыққа шыдау қажет. Мемлекет те жұмыссыз жандарға қолдау көрсетіп келеді. Осындай мүмкіндікті пайдалана білген жөн. Шағын кәсіпті сәтті жүргізу үшін тынбай еңбектену қажет. Бұған қоса, үнемі ізденіс үстінде жүріп білім алып, кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылмаса барлығы зая кетеді. Бөлке наннан басқа түрлі тәттілерге тапсырыстар түседі. «Адамды көркейтетін — еңбек» дегенді естен шығарған емеспін. Аянбай еңбек етіп келемін. Тұрмысым да берекелі, — дейді ол.

Айтқалың АЙТЖАНОВА

ЭКОНОМИКА

ТРАМП ЖӘНЕ ТАМЫЗ ТАРИФІ

Ақ үйден келген хат

АҚШ президенті Дональд Трамп ел Президентіне хат жолдады. Онда Қазақстаннан келетін тауарларға 25% көлемінде импорттық баж салығын енгізетіні туралы хабарлаған. Жаңа тариф 1 тамыздан бастап күшіне енуі мүмкін. Осындай мазмұндағы хаттарды Малайзия (25%), Лаос (40%), Оңтүстік Африка (30%), Мьянма (40%), Жапония және Оңтүстік Корея (екеуіне де 25%) басылары да алған. Ақ үйден келген хат ел көңілінде енді қалай болар екен деген күмәнді ой қалдырып, қобалжытқаны рас. Алайда экономистер бұл дүрбелең туғызатындай жайт емес, ел экономикасына социальдық әсер етпейді деген пікір айтады. Сауда және интеграция министрлігі Қазақстан тауарларына АҚШ-тың жаңа тарифтеріне қатысты мәлімдеме жасады. Онда жаңа тариф ел экспортының шамамен 95 пайызына әсер етпейтінін атап көрсеткен. «2025 жылдың 7 шілдесінде АҚШ Президентінен биылғы 1 тамыздан бастап бірқатар елдерге, оның ішінде Қазақстанға қатысты жаңа импорттық баждар енгізілетіні туралы ресми хабарлама келіп түсті. Қазақстаннан АҚШ-қа экспортталатын өнімдер үшін жеткізілімдердің барлық көлеміне 25 пайыздық бірыңғай мөлшерлеме белгіленген. Алайда қазақстандық экспорттың басым бөлігі — мұнай, уран, күміс, феррокорытпа, тантал және титан сияқты негізгі шикізат пен стратегиялық тауарлар — жаңа тарифтердің қолданыстан алынуына байланысты жаңа бажсыз жеткізілуін жалғастыра береді. Қабылданған шаралар Қазақстан экспортының шамамен 95 пайызына әсер етпейді деп болжануда.

2-БЕТТЕ

ЗЕЙІН МЕН ЗЕРДЕ



Ернұр ЕРЖАНҰЛЫ, шахматтан Қазақстан және Азия чемпионы:

УАҚЫТТЫҢ ЖАУЫ – ТЕЛЕФОНМЕН ДОС БОЛМАУҒА КЕҢЕС БЕРЕМІН

Қызылордалық шахматшы Ернұр Ержанұлы 12 жасында шахмат ойынының классика және блиц түрі бойынша Қазақстан чемпионы атанып үлгерген. Азия біріншілігінің жүлдегері, әлем кубогы кезеңдерінің тұрақты қатысушысы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы атанған Ернұрмен сұхбаттасу сәті түсті.

— Ернұр, ең алдымен өзіңді оқырмандарға таныстырып өтесен...

— Мен Қызылорда қаласындағы №125 Ыбырай атындағы ұлттық мектеп-лицейінің 6-сыныбында

үздік оқимын. Әлемдік және республикалық жарыстарға барарда үнемі қолдау көрсетіп жүрген мектеп директоры Мағжан Қанатбекұлына, барша ұстаздарыма алғыс айтамын.

4-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала орталығында жол жөндеу жұмысы қызу жүруде. Тәуелсіздікке — 25 жыл даңғылының пайдалануға берілгенін мойнын соза күткен халық енді орталықтағы және ескі базар маңындағы жолдардың жабылғанынан көлік кептелісі көп болып жүргенін айтады. Десе де, аз уақыт шыдас берсек, ой-шұқыры көп жолдың орнын тактайдай тегіс асфальт бастатыны анық. Жол-көлік инфрақұрылымы мен қоғалдандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыс барысы туралы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаевпен сұхбаттасқан едік.

Жеңісбек ФАЙЗУЛЛАЕВ, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы:

ЖОЛДЫҢ ЖАҚСАРҒАНЫ ЕЛДІҢ ҚУАТЫН КӨРСЕТЕДІ



3-БЕТТЕ

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

15 шілде
сейсенбі

№52 (2165)

2025 жыл

ТУРИЗМ ТЕК ТАБЫС КӨЗІ ҒАНА ЕМЕС



«Ақмешіт» қолжазба

Туризм — ел экономикасына серпін беретін әлеуеті жоғары сала. Туризмді дамыған елдің әл-ауқаты жақсы екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Біздің елде де бұл саланы дамытуға мүмкіндік көп. Бұқар жырау жырлағандай, әлемді түгел көрсе де қызыққа тоймайтын адамзат баласы емесіз бе?! Саяхат арқылы таным көкжиегін кеңейтіп, әлемнің кереметін көргісі келетін жиһанкездер қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Ал біз бұған дайынбыз ба? Туризм саласының өркен жаюына бірден-бір ықпал ететін фактор — жайлы инфрақұрылым екені белгілі. Бұл мәселе облыс орталығында қалай шешілуде?

Кеше қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен туристік аймақтарға келушілерге қолайлы жағдай жасау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы мәжіліс өтті.

Жиында қала аумағынан өтетін «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің бойындағы сервистік кешендердің қызмет көрсету сапасын арттыру тапсырылды. Сондай-ақ күре жолдағы қоғамдық орындардың күтімі, тазалық тәртібі күнделікті бақылауда болуы міндеттелді. Сонымен қатар тарихи ескерткіштер аумағының тазалығы, жазғы уақытта қоғамдық тамақтану мен суға шомылу орындарындағы санитарлық талап, қауіпсіздік мәселелері кеңінен талқыланды.

— Жол бойында, демалыс орындарында санитарлық талап пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету — туристік имиджді нығайтудың көзі. Сондықтан келушілерге жайлы жағдай жасау үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылу қажет, — деген Нұржан Сәбитұлы жауапты сала басшыларына ауқымды міндеттер жүктеді.

Жалпы, туризм — тек табыс көзі ғана емес, сонымен қатар төл мәдениетімізді, терең тарихымызды, табиғи байлығымызды әлемге танытудың тиімді тетігі. Бұған өңірдегі қоғамдық саяси жағдайдың тұрақтылығы, жан-жақты даму деңгейі, сервистік қызмет көрсету орындарының сапалы қызметі де ықпал ететіні сөзсіз. Қонақжай елде туризмді дамытуға мүмкіндік те көп.

«Ақмешіт-ақпарат»

КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАННЫҢ БАҒЫ ЖАНБАҚ

Бүгінде қаладағы базар айналасындағы көшеге жөндеу жүруде. Бұл дегеніңіз сатып алушыға да, сатушыға да жасалып жатқан қамқорлық деп түсінгеніміз жөн. Тағы бір айта кетерлігі, дүкендер мен кәсіпкерлік нысандардың маңдайшаларына ілінген жарнамалардың сапасы мен үйлесімділігі, тілдік нормалардың сақталмауы сын көтермей жатады. Осы кемшіліктерді жөндеу үшін нысандардың сыртқы көрінісіндегі олқылықтарға ескерту беріліп, сатушыларды жабық базарға орналастыру үшін базар әкімшілігімен келісім жүргізілуде.



Осы мәселелер мен кәсіпкерлік саласындағы бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстар жайлы қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов брифингте баяндады.

2-БЕТТЕ



ТРАМП ЖӘНЕ ТАМЫЗ ТАРИФІ

Қазақстан ұлттық мүдделерін қорғау және тұрақты сауда-экономикалық әріптестікті дамыту мақсатында Америка тарапымен одан әрі келіссөздер жүргізуге дайын», – деген министрлік хабарламасында.

Жалпы Қазақстан мен АҚШ-тың сауда жүйесі қандай? Сауда және интеграция министрлігінің мәліметіне сүйенсек, Қазақстан мен АҚШ арасындағы тауар айналымы 2024 жылы 4,2 млрд АҚШ долларын құрады, бұл сан алдыңғы жылмен салыстырғанда 4%-ға жоғары. Қазақстаннан АҚШ-қа экспорттың негізгі тауарлары: шикі мұнай – 1,1 млрд АҚШ доллары. (үлесі 56,2%), уран – 322,9 млн АҚШ доллары (16,4%), күміс – 239,9 млн АҚШ доллары (12,2%), ферроқорытпалар – 188,2 млн АҚШ доллары (9,5%), тантал және одан жасалған бұйымдар – 17,6 млн АҚШ (0,89%).

10 шілде күні ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президентінің хатына жауап жолдағанын хабарлады. «Мемлекет басшысы Қазақстан Америка Құрама Штаттарының бұрыннан келе жатқан сенімді сауда әрі инвестициялық серіктесі ретінде әділ, түсінікті және өзара тиімді сауда байланыстарын дамытуға бейбітшілігін атап өтті.

Қазақстан Президенті сауда мәселелері бойынша рационалды шешім әзірлеу мақсатында еліміздің конструктивті диалогты жалғастыруға дайын екенін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев сауда проблемасына қатысты ортақ мәмілеге қол жеткізуге болатынына сенім білдірді» – деп жазылған баспасөз қызметінің хабарламасында.

Сарапшылар не дейді?

АҚШ-тың жаңа тарифі туралы экономистер пікіріне сүйендік. Экономист-сарапшылардың айтуынша, бұл соншалықты қорқынышты емес. Астанада өткен баспасөз мәслихатында Еуразиялық Ұрақтандыру және даму қорының бас экономисі Сергей Улатов мұның ел экономикасына кері әсері байқалмайтынын айтты.

– Біз тарифтің ықтимал салдарын тереңнен талдадық. Жасаған қорытындымыз: алаңайтындай қауіп жоқ. Қазақстан экспортының басым бөлігі бұл тарифке мүлдем ілінбейді. Сондықтан экономикаға кері әсері минималды, тіпті байқалмайды деуге де болады, – деді ол.


Басы 1-бетте

Қазақстан бойынша қордың экономисі Ғалымжан Айтқазин бұл соншалықты күрделі мәселе емес деген пікірін білдірген.

– Штаттардың есебінше, екі ел арасында сауда теңсіздігі бар. Бірақ біздің экспорттың 95 пайызы – мұнай, металл, шикізат тәрізді өнімдер баж салығынан толық босатылған. Тарифтің әсеріне түсетін тауарлар үлесі – баржоғы 5 пайыз, ақшалай есептегенде 100 млн доллардан да

етпейді. Дегенмен ұлттық экономикамыздың қауіпсіздігін ойлау керек.

– Қазақстанның Америкаға экспорт көлемі 4,2 млрд АҚШ долларын құрайды екен. Қазақстанға салынып отырған 25 пайыз баж салығы нені көрсетеді? Біздің сыртқа экспорттап отырған өнімнің барлығына тұтастай салық салынбайды. Тек қана 5 пайызына ғана тиесілі. Ол шамамен 100 млн АҚШ долларының шамасындағы экспорттық



аспайды. Бұл – Қазақстан үшін айтарлықтай шығын емес. Бұқаралық аппарат құралдары мәселені тым ұшықтырып көрсеткенімен, шын мәнінде жағдай соншалықты күрделі емес, – дейді ол.

Осы сұрақ бойынша елге белгілі экономист Мақсат Халыққа хабарласып, пікірін білдік. Экономистің айтуынша, жаңа тариф ел экономикасына соншалықты әсер


өнімге ғана салынады. Сондықтан дәл қазіргі жағдайдағы көрсеткішке сүйене отырып, 95 пайыз экспорттық өнімге баж салығы салынбайды деп келісілген. Сондықтан аз ғана көлемдегі тауарларға ғана тиесілі екенін байқап отырып, бұл ел экономикасына айтарлықтай жоғары дәрежеде әсер етеді деп айта алмаймыз. Әлемдік деңгейде тарифті өсіру әлемдік экономикаға кері әсер ететіні бар. Демек, менің ойымша,

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАННЫҢ БАҒЫ ЖАНБАҚ

Бөлім басшысының айтуынша, бүгінде қалада тіркелген кәсіпкерлер саны 35102 болса, жұмыс істейтіні – 33519. Жұмыспен қамтылғандар – 69857. Кәсіп иелері 721 млрд 913 млн теңге өнім өндіріп, өсімді 38,4 пайызға көтерген. Осылайша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 217 млрд-тан асқан. Инвестиция тарту жайы да назарға алынуда. Нәтижесінде биыл құны 233,6 млрд теңгені құрайтын 13 инвестициялық жоба жүзеге аспақ.

– «Қызылорда Саз М» ЖШС-нің заманауи кірпіш шығару зауыты, «Қызылорда-Нан» ЖШС-нің нан-тоқаш кондитерлік өнім шығару кешені, машина жасау саласында «Марал-Нұр» ЖШС-нің вагон жөндеу депосы және «Панабек» ЖШС-нің жиһаз цехы іске қосылды.



Сондай-ақ «Rem Plast Invest» ЖШС-нің қағаз-картон өндірісі, «Ауна Glass» ЖШС-нің жоғары технологиялы айна шығару зауыты, «Техоснастка-Ремсервис» серіктестігі мен «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің шағын өнеркәсіптік парктері, «Қаржаубаева» жеке кәсіпкерлігінің сауда үйі мен «Orhun Medical» ЖШС-нің медициналық орталығы жақын күндері өз жұмысын бастайды. Жыл соңына дейін қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу орталығы пайдалануға беріледі. Бұған қоса, биыл «With You E&S Kyzylorda» серіктестігінің Оңтүстік Корея технологиясы бойынша қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу және «Seven Rivers Technologies» серіктестігінің шыны ыдыстарды шығару зауытының құрылысы басталады, – деді бөлім басшысы.

Қаладағы сауда базарларын жаңғырту жұмысы бытырдан бері жүргізіліп келеді. Мәселен, Сұлтан базарына құрылыс-монтаж жұмысы жүргізілуде.

Басы 1-бетте



Жақын күндері ел игілігіне табысталамақ. Бөлім басшысының айтуынша, жол картасына енгізілген 3 базардың құжаты рәсімделіп, екінші деңгейлі банктермен келіссөз жүргізілуде. Қала аумағында 12 базар тіркелген. «Жаңа» базар, «Сұлтан», «Сыбаға», «Қанат», «Талғат» базарлары әмбебап базарлар. Ал мамандандырылған базар қатарына «Сәулет» шағын базары, «Гүлдана», «Ақтөре», «Сығанақ» базары, автокөлік, «Бұлан» мал базары және «Барыс» базары кіреді.

Бұдан бөлек, тұрақты бизнес пен кәсіпкерлік бастамаларды қаржыландыру шаралары оң нәтижесін бергені қуантады. Мемлекет басшысының «Халықтың табысын арттырудың 2025



жылға дейінгі бағдарламасымен «Ауыл аманаты» жобасы аясында 238,83 млн теңгені құрайтын 34 жоба мақұлданып, 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие берілген.

«Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» МҚУ арқылы «Қызылорда облысының ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуді дамыту» пилоттық жобасы аясында 293,5 млн теңгеге 7 жоба қаржыландырылған.

Бұл мүмкіндіктен қалаға қарасты елді мекендер шет қалмаған. Бұл ұйымның «Іскер» бағдарламасымен қалаға қарасты кент және ауылдық округтен 6 пайызбен несие алуға 266,73 млн теңгені құрайтын 30 жоба ұсынылған.



Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлерді «Даму» қорымен субсидиялау шаралары жалғасуда. Мәселен, биыл 64 жобаға қаржылай қолдау көрсетілгендігі соның айғағы.

Шынында, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға мемлекет ерекше көңіл бөледі. Мемлекеттік бағдарламалар аясында бөлінетін қаражат көлемі де жыл сайын өсіп келеді. Әкімшілік кедергілер азайып, өтім беру автоматтандырылған жүйеге енгізілуде. Тек енді кәсіпті қолға алып, еліміздің табиғи есепте, мемлекетті көркейтуге үлес қосу басты міндет болмақ.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ҰЛТТЫҚ БАНК БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ САҚТАП ҚАЛДЫ

Ұлттық банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 16,5% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің хабарламасы банк сайтында жарияланды. Ұлттық банк төрағасының айтуынша, шешім қабылдау кезінде инфляциялық процестердің динамикасы мен ішкі және сыртқы факторлар ескерілген.

– Экономикадағы бағаларға қысым әлі де бар. Ақылы қызметтер мен азық-түлік бағасының жоғарылауы инфляцияның өсуіне бірден бір себеп. Сонымен қатар, инфляцияның тұрақты бөлігі де біршама өсті. Соңғы айларда айлық инфляция баяулап келеді, бірақ әлі де орташа тарихи көрсеткіштен асып отыр. Халықтың инфляциялық күтулері біршама төмендеді, дегенмен әлі де жоғары. Экономика өткен жылғы 4,8%-дан осы жылғы бес айда 6%-ға дейін желделеді. Сұраныс әлі де ұсыныс мүмкіндіктерінен жоғары болғандықтан, бағаға қысым бар. Осыған байланысты тұтынушылық сұранысты тежеп, бағаның өсуін ұстап тұруға Ұлттық Банктің ұстамды қатаң ақша-кредит саясаты ықпал етіп отыр. Сыртқы нарықтарда тұрақсыздық күшейіп, әлемде белгісіздік артып келеді. Оған саудадағы шиеленіс пен Тауа Шығыстағы қақтығыстың ұшығуы әсер етті. Әлемдік азық-түлік бағасы әлі де жоғары деңгейде сақталып отыр. Бұл жағдайда инфляциялық күтулерді тұрақтандыру, инфляцияны төмендету маңызды. Сол үшін Ұлттық банк қатаң ақша-кредит саясатын ұзағырақ сақтайтын болады, – деді Ұлттық банк төрағасы.

Ұлттық банктің мәліметіне сүйенсек, биылғы маусым айында жылдық инфляция 11,8%-ға дейін өскен. Бұған бірден-бір себеп – қызмет көрсету секторы болып қалып отыр. Сервистік инфляцияның жылдық көрсеткіші маусым айының қорытындысы бойынша 16,1%-ға жеткен. Тек тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің емес, сонымен қатар нарықтық қызметтердің құны да өсіп келеді, бұл экономикадағы тұрақты ішкі сұранысты көрсетеді. Сондай-ақ ауылшаруашылық өнімдер мен импорт бағасының көтерілуінен азық-түлік инфляциясы өсіп, 10,6%-ды құрады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 9,4%-ға

көтерілген. Маусым айында айлық инфляция 0,8%-ға дейін төмендеп, бұл мамырдағы 0,9% және сәуірдегі 1,2%-бен салыстырғанда аз). Базалық және маусымдық әсерден тазартылған инфляция көрсеткіштері біршама өскен. Бұл проинфляциялық қысым жағдайында бағаның тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді. Халықтың алдағы жылға арналған инфляциялық күтулері 12,6%-ке дейін төмендеді, бірақ олар тұрақсыз күйінде қалып отыр. Респонденттердің жартысынан көбі келешек инфляция бойынша нақты болжам айтуға қиналады. Бұл халықтың күтулеріндегі белгісіздікті көрсетеді. Ал бағаның ұзақмерзімді өсімі бойынша халықтың күтулері 14,2%-ға дейін өскен. Қаржы нарығындағы кәсіби қатысушылардың осы жылғы бағаның өсіміне қатысты болжамдары 10,7%-дан 11,0%-ға дейін аздап өсті, ал 2026 жылға арналған болжамдары 9,4%-дан 9%-ға дейін төмендеген.

2025 жылғы қантар-мамыр айларында экономика 6,0%-ке өсті. Ең көп өсім көлік, құрылыс, сауда саласында байқалады. Тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде де іскерлік белсенділік артып келеді. Ішкі сұраныс экономикалық өсуді жеделдетудің негізгі драйвері болып қалып отыр. Оның қарқыны әлі де болса өндірістің мүмкіндіктерінен асып түсіп, баға қысымының тәуекелін туындатады. Халық табысының бірқалыпты өсуі, сондай-ақ тұтынушылық және корпоративтік неселенудің жоғары көлемі сұранысты қолдайды. Бөліп төлеу әдісін көп пайдалану, белсенді маркетингтік науқандар мен инфляциялық күтулер де маңызды рөл атқарады. Осының бәрі осы жылдың басындағы біршама төмендеуден кейін қайта өскен бөлшек сауда көрсеткіштеріне әсер етеді. Жеке инвестициялардың артуына байланысты инвестициялық белсенділіктің қарқыны жақсы: биылғы қантар-мамыр айларындағы өсім 18,2%-ды құрады. Инвестицияларда бюджет қаражатының үлесі де артты. Осы жылдың қантар-мамыр айларында оның үлесі жалпы көлемнің 22%-ын құрады және өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2 есеге жуық өсті. Ұлттық Банк қадағалайтын іскерлік белсенділік индексі (ИБИ) бір жылдан астам уақыт

бойы оң көрсеткіш көрсетіп, кәсіпорындардың іскерлік ортаға қатысты оптимистілігін білдіреді. Осылайша, инфляцияның қазіргі кездегі динамикасында көрінетін экономикаға үрдістер бағаға қысым сақталып отырғанын көрсетеді.

– Әлемдегі белгісіздік деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Бұл мұнай бағасының, қор және сауда нарықтарының айтарлықтай құбылмалы болуына әсер етуде. Сонымен қатар, негізгі сауда серіктесіміздің бірі – Ресейде баға өсімі біртіндеп баяулағандықтан, сыртқы инфляциялық қысым біршама әлсіреді. Әлемде азық-түлік бағасы әлі де жоғары. Маусым айында ФАО азық-түлік бағасының индексі алдыңғы аймен салыстырғанда біршама өсті және бытырғы деңгейден 5,8%-ке жоғары болды. Дамыған елдерде жыл басынан бері инфляция баяулағаны байқалады, алайда реттеушілер белгісіздік артып келе жатқанын ескерті. Осы жағдайда жетекші орталық банктер ұстамды саясатты ұстап отыр. Мамыр айында Еуроодақтағы инфляция 2%-дық таргетке жакындап, 2,2%-ға дейін төмендеді. Еуропа Орталық банкі экономикадағы белсенділікті қолдау мақсатында мөлшерлемелерді төмендетуді жалғастыруда. Алайда, ол сауда саясатына және өсіп келе жатқан бюджеттік шығыстардың бағаға қосымша қысым түсіру қаупін атап өтті. АҚШ-та мамыр айында баға 2,4%-ға өсті. Федералды Резервтік Жүйе АҚШ-тың сауда және фискалдық саясаттағы өзгерістеріне байланысты белгісіздік жағдайында мөлшерлемелерді төмендетуді уақытша тоқтатты. Ресейде инфляциялық қысым біртіндеп төмендеп келеді. Мамыр айында инфляция 9,9% болды. Осыны ескеріп, Ресей Банкі маусым айында негізгі мөлшерлемені 20%-ға дейін төмендетіп, инфляцияны 2026 жылғы таргетке қайтару үшін қажет ақша-кредит шарттарының қатаңдығын қолдайтындығын атап көрсетті, – дейді Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов.

Айта кетелік, ұлттық банк төрағасы базалық мөлшерлемесі жыл соңына дейін қазіргі деңгейінде сақталуы мүмкін екенін айтты.

Гүлмира ДІЛДІКБЕКОВА

Жеңісбек ФАЙЗУЛЛАЕВ,
қалалық тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы:

ЖОЛДЫҢ ЖАҚСАРҒАНЫ ЕЛДІҢ ҚУАТЫН КӨРСЕТЕДІ

«Анталыктын» коллажы

– Жәнісбек Исламұлы, өткен жолы республикада аймақтың жол саласы жоғары баға алды. Әйтсе де, одан да жоғары жетістікке жетіп, жүз пайыздық жерге жету межесі бар ма?

Қазір бұл мәселенің биыл қаламыздың 17 жобаға қаржы бөлінді.

[illegible][illegible]

Бул айынышы, Елдин тейрек пайдаланууга бериле деген даярдыктын жолу. Ошентип, 25 жылдан ашуун Түрктүн жана жолдун куралына бааланып келген. Бул жоба - жаштардын жана жолдун куралына бааланып келген. Бул жоба - жаштардын жана жолдун куралына бааланып келген. Бул жоба - жаштардын жана жолдун куралына бааланып келген.

Саламатов көчөсүнө дейинги жана жолу
«УАД» ЖЧС жұмыс жүргізуде – 25 жыл жобасы
Төмөнкү өткөн Тәуелсіздікке – ескі базар аумағында
жүз жылдан ашық уақытта жиналган көшелеріне жана жобала

Мердігер жоғарыда айтып өткен танда жалғасы. Ал қазіргі таңда Училищная көшесіндегі «Ескі базар» Әйтеке би, И.Токтыбаев, Жол жөнделуде. Аталған жобаның тұйығында жол қазамыздағы «Ескі базар» көшесінен кейін, он шешімін табады. Жұмысшы Жаппасбай

И.Журба тұйықталып, аумағындағы көлік кептелісі он жылдай-ақ Бейбарыс сұлтан көшесі мен Жаңа кент арасындағы киілысындағы көлік жолайрығына жеткендіктен, жолындағы жәрияланып қалған қалалық жолдардың қысқартылуына

батыр көшесінің қылышы жұмыстары жарыққа шықты елді

Шег аймақтар мен қалаға қарасты елді мекендердегі жұмысшылар мен қызметкерлердің жағдайы қалай? Біз осы тексеру нәтижесінде «Қазақстан» газеті арқылы халыққа хабарлауды жасалды. Қазіргі таңда жұртізілуде.

мекендердің жағдайына қана маңайлап отырмай, орталық көшелерге ғана жоюға ба?

— Шегіміз осылай емес. Сөзімді дәлелді келтіре берейін. Қызылөзек ауылдық округіндегі жетпіс екі жасар балалардың он бесінен астамы арқылы өтетін жолдан өткенде, балалардың қатарындағы балалардың

– Мүлдем біздің аумағымызда қанша арба кетсем, қалаға қарасты каналы жұмыстар округіндегі «Қожак» құрылыс жөндеу жұмыстарының көлеміне күрделі жөндеу жүргізіледі. Құрылыс компаниясының көлеміне күрделі жөндеу жүргізіледі. Құрылыс компаниясының көлеміне күрделі жөндеу жүргізіледі.

жүргізу жобасы «Н Строй» Одан бөлек, құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатыр. 11 көшеге күрделі жол жөндеуі мен жолдарындағы 11 млн тенге бөлініп, құрылыс

жұмыстарына 831,4 млн.
жұмыстары жүруде.



...ірік кіреберісі де үлкейеді екен. Бұл бағытта құрылыс
...ентыр? Кіреберіс саналатын Сағымбаев көшесі
...өніп, мемлекеттік саып а
...қаладағы ұзынды
...болатын

[illegible][illegible]

Кызылорданы жасыл калага айлалдырар

[illegible]

Осы күні қазан айының 21-санында (МЖӘ) асынды және жолының және абағандыру жұбасының жүйелі түрде қолғалдыру. Бүгінде бұл жұмысты жүргізіп жатқан құрамында 250

жұмысшылардың қолына жеткізілген. Ал техникалық

... бірлік заманауи техникамен қамтамасыз етілген. Жұмысшылар және түрлі арнайы техника бар. Жұмысшылардың саны 800 000 дана, жергілікті тұрғындары 800 000 дана, көпжылдық гүлденген қалалары 800 000 дана, көгал (газон) 800 000 дана, суару жүйесі 800 000 дана.

жабықталуы 50 бірлік
көліктер, электрілік шансорыштар
сыымдарда да жүргізіледі.

– Бүгінгі күні кала... виола, және 10 000 шар... технологиясына ас...
бір жылдык гүл (петуния) және «Hunter» технологиядан 45 шақырымнан ас...
шеттерді отырғызылды. Жүйе аясында 45 шақырымнан ас...
шымен қатар... ротор орнатылды, 25 дана ұңғыма...
стың ішінде демалыс орындары... елдің тынығатын...
дуға.

[illegible]

– Өмірде атқарылып кететіндері аз. Бірақ бұл жолда біздің мақсатымыз – Өмірде атқарылып кететіндері аз. Бірақ бұл жолда біздің мақсатымыз –

[illegible][illegible]

аланы,
15 аула шп.
малыс орны кар
көпқабатты 20 үйдін қас
деуге облыстық бюджеттен
теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүр
тырып жатқандығына рахмет.

ҚАЛАҒА КӨРІК

ҚАЛАҒА КӨРІК БЕРЕР ҚОС САЯБАҚ

Әр қаланың келбетін көріктендіріп, тұрғындардың тынығуына, балалардың шаттана ойнауына мүмкіндік беретін басты орын саябақ. Бұл тек жасыл желек емес, бұл өмірге жан бітіретін мекен. Ағашы тербеліп, гүлдері жайқалған саябақтар қаланың сәні ғана емес, мәдениет пен өркениеттің айнасы. Қызылорда қаласында соңғы уақытта демалыс нысандарын жаңғыртуға ерекше мән берілуде. Соның ішінде қала тұрғындары жиі аралайтын екі ірі демалыс орны, Қорық ат атындағы саябақ пен Тұңғыш Президент саябағы ауқымды абаттандыру және қайта құру жұмыстары арқылы жаңа кейіпке еніп жатыр.

Қала орталығында орналасқан Қорқыт ата атындағы саябақта бүгінде ауқымды абаттандыру жұмыстары жүруде. Жобаның жалпы құны 1 миллиард тенге. Құрылыс жұмыстарын «Астана сервис ЛТД» ЖШС жүргізіп жатыр.

Аталған саябақтағы құрылыс жұмыстары биылғы мамыр айында басталған. Жоба аясында 23 мың шаршы метр жерге көгал төселіп, 12 мың шаршы метр аумаққа тас төсеніштер төселеді. Сонымен қатар екі ойын алаңы мен екі спорт алаңы қарастырылған. Саябақ аумағында 900 шаршы метрлік субұрқак және 1100 шаршы метрлік гүлзар алаңы төселмек.

— Қазіргі таңда құрылысқа екі погучник пен бір Мазда техникасы жұмылдырылған. Ең бастысы, осы жобаның арқасында у адам жұмыспен қамтылып отыр. Егер жұмыс жоспарға сай жүрсе, саябақ қыркүйек айында ел игілігіне беріледі деп есептелуде. — дейді бас маман Қыдыр Наурызбаев.

Ал қаланың тағы бір шырайлы орны Тұңғыш Президент саябағындағы жұмыс одан да ауқымды. Жалпы құны 14,7 миллиард теңгегі құрайтын бұл жоба Қызылорданың демалыс мәдениетін жаңа деңгейге көтеретін кешендердің бірі болмақ. Енді құрылыс ақпан айында басталып, жыл соңына дейін жалғасалы деп жоспарланған. Жобаны жүзеге асырып жатқан

Саябақ аумағында гүлдер мен ағаштар егіліп, тас төсеніштер мен субұрқақтар орнатылып жатыр. Қазіргі таңда 20 техника мен 120 жұмысшы жұмылдырылған. Бұдан бөлек бір үлкен және бір кіші амфитеатр, балаларға арналған ойын

– Бұл жобода біз тек көркемдікке емес, қауіпсіздікке де басымдық беріп отырмыз. Қаланың тынығу мәдениеті заманауи үлгіде болуы тиіс. Сондықтан әрбір бөлшек тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігі үшін – лейлі

Қос саябақтың қайта жаңғыруы жай ғана құрылыс емес, бұл тұрғындардың тынығатын, балалардың ойынып, мәдениет пен табиғатпен танысатын ортаға айналатын маңызды нысан. Қорғанымымыздың

ойнайтын, мәдениет пен табиғат тоғысатын ортаға айналдыру жолындағы ұмтылыс. Көгалдандырылған кеңістік, заманауи субұрқақтар, балалар мен спорт алаңдары мұның бәрі ел ертеңі үшін жасалып жатқан жүйелі жұмыстың жемісі. Қазірдің өзінде көз қуантқан өзгерістер алдағы уақытта қала

халқының көңілінен шығатыны анық. Ең бастысы, бұл бастамалар тек сыртқы көрініс емес, қала тіршілігінің сапасын арттыратын, тұрғындардың өміріне жайлылық сыйлайтын нақты жобалар. Уақыт өте келе Қорқыт ата рухы ұялаған саябақ пен Тұңғыш

Президент атындағы мәдени кешен Сыр елінің шынайы мақтанышына айналмақ.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ЖИЫРМА
ТОҒЫЗЫНШЫ
ҚАРА СӨЗ

Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамай тұғыны да бар.

Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған аттың несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей, арып, шөмендеп диуаналықпен бір күн болған бұралық неге жарайды.

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсексыз сұмдығын қостағалы айтқаны.

«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың қылығы емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артында балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

ШЫМЫР

Айгерім МҰСТАФАЕВА, «Aquadeti.kz» балалар сауықтыру бассейнінің басшысы:

СУДА ЖҮЗГЕН БАЛА ӨЗІНЕ СЕНІМДІ БОЛЫП ӨСЕДІ

Бүгінде ата-аналар балаларын ерте жастан спортқа баулып, салауатты өмір салтын қалыптастырудың жолын іздейді. Соның ішінде суда жүзу денені шынықтырумен қатар, психологиялық жайлылық сыйлайды. «Aquadeti.kz» балалар сауықтыру бассейнінің басшысы, осы саланың білгір маманы Мұстафаева Айгерім Садыққызымен сәбилер мен балалар үшін суда жүзудің пайдасы туралы әңгімелестік.

– Бүгінде жасқа толмаған сәбилерде де бассейнге апаратынын естіп жүрміз. Демек, сұраныс көп. Мұның қандай пайдасы бар?

– Суға жүзу баланың жан-жақты дамуына үлкен әсер ететін ең тиімді спорт түрлерінің бірі. Біріншіден, жүзу бұлшықетті, жүрек-қан тамыр жүйесін нығайтып, тыныс алу

қабілетін жақсартады. Екіншіден, суда қозғалу арқылы балада қозғалыс үйлесімділігі дамиды. Сонымен қатар судағы жаттығулар баланың бойындағы қорқынышты жеңуге, өзін сенімді сезінуге және күйзеліс деңгейін төмендетуге көмектеседі. Бұл тек физикалық емес, сонымен қатар эмоционалдық тұрғыдан да маңызды.

– Жүзу үйренуді қай жастан бастау керек? Баланы сәби кезден суда жүзуге үйретудің қандай пайдасы бар?

– Жүзу сабағын нәресте дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы айлардан-ақ бастауға болады. Әрине, бұл арнайы дайындалған, қауіпсіз ортада және білікті мамандармен жүргізілуі керек. Жүзуді ерте бастау – баланың суда өз-өзін еркін сезінуіне, табиғи қозғалыс-рефлексітерін сақтап қалуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ болашақта суға түсуге деген қорқынышты болдырмаудың ең

тиімді жолы. Сәбилерге жүзуді ерте үйрету олардың иммундық жүйесін нығайтып, суық тию, тыныс жолдары ауруларын алдын алады. Су жаттығулары арқасында қан айналымы жақсарып, дененің барлық бөліктері біркелкі жұмыс істейді. Қозғалысы дамып, балада тепе-теңдік пен ептілік қалыптасады. Ерте жастан суда жаттығу жасаған балалар әдетте физикалық жағынан белсенді әрі төзімді болады.

– Сәбилерге арналған жүзу сабақтары әдетте нешінші айдан басталады? Бұл кезеңде қандай жаттығулар жасалады?

– «Aquadeti» орталығында 2 айлық сәбилерді жүзуге үйретеміз. Бұл кезеңде жаттығулар өте жеңіл. Мысалы, суды сезіну, бетке су тигенде реакция, жеңіл қозғалыс жасау, ата-анасымен бірге су ішінде байланыс орнату сияқты қарапайым, бірақ маңызды жаттығулар жүргізіледі. Мұндай сабақтар баланың суға бейімделуін жеңілдетеді.

– Әр жас тобына арналған жаттығулар бір-бірінен қалай ерекшеленеді?

– Әр жас тобына арналған жаттығулар олардың физиологиялық және психологиялық даму деңгейіне сай өзгереді. Мысалы, 2 айдан 1 жасқа дейінгі балалар үшін сабақтар – рефлексістік қозғалыстарды дамытуға бағытталса, 1-3 жас аралығында ойын арқылы суда өз бетімен қозғалу, тыныс алу жаттығулары қосылады. Ал 4 жас жогары балаларға біз жүзу техникасын үйретуге көшеміз. Әр сабақ құрылымы

– Қазақстан шахмат федерациясы дайындықта қандай қолдау көрсетуде?

– Қазақстан чемпионы ретінде федерацияның арнайы «Таланттарды қолдау бағдарламасы» аясында үздік «Алтын пакет» және ай сайынғы арнайы стипендия иегерімін. Турнирлерге үздіксіз қатысып бақ сынауыма қолдау көрсетіп отырған Қазақстан шахмат федерациясы президенті Турлов Тимур Русланұлы мырзаға, Қазақстан шахмат федерациясы директоры Дәулетова Гулмира Бекзатқызына алғысым шексіз.

– Оқу мен шахматты қалай қатар алып жүресіз?

– Сабақты мектептен кейін бірден орындап, дайындық кестесін нақты жоспарлаймын. Ұстаздарым жарыс кезінде қатыса алмаған сабақтарды онлайн түсіндіріп, қолдау білдіреді.

– Жаттықтырушың бар ма?

– Қазақстан чемпионы болуға дайындаған тренерім, облысқа белгілі шахматшы, қаламыздағы «Champion» шахмат орталығы басшысы Ерсерік Әділет ағайым. Қазіргі таңда Астана қаласының бас жаттықтырушысы Нугуманов Бахтияр Қазбекұлынан және Армениядан Георг Арутюнян мырзадан сабақ аламын.

– Шахматтан бөлек немен әуестенесіз?

– 5 жасымнан «Қайсар» футбол клубында қатысып, 2 жыл қатарынан балалар арасында «Үздік қақпашы» номинациясы иегері болдым. Бассейнге жүзуді ұнатамын. Теннисті сүйіп ойнаймын. Бильярд пен боулингке де барамын, велосипед тебемін.

– Чемпион болған сәттегі сезімің қандай?

– Соңғы турлар алдында ықтимал нәтижелерді талдап аламын. Марапат сәтінде алдымен маған сенген ата-анам мен бапкерлерімнің қуанышын ойлаймын, мұнан соң алға қойған мақсатымды ойлаймын.

– Жас шахматшыларға қандай кеңес берер едің?

– Ерінбеу керек, ұйқыдан ерте тұру, уақытылы ұйықтауды әдетке айналдырған дұрыс, уақыттың жауы – телефонмен көп дос болмауға кеңес беремін. Әр баланың өз күн тәртібі болу керек, сонда жеңімпаз боласың!

– Сұхбатына рахмет!

Сұхбаттасқан
София ТЕМІРБОЛАТ

– Шахматқа қызығушылығың қалай басталды?

– Балабақшада жүрген кезімде дойбы ойынынан жарыстарға қатысып, жеңімпаз болдым. Қабілетімді байқаған анам шахмат үйірмесіне апарды. 1-сыныптан бастап мектеп қабырғасында түрлі шахмат жарыстарына қатыса бастадым. Әкем – Ержан, Қызылорда қаласындағы музыкалық жоғары колледжде домбыра пәнінің оқытушысы, бірнеше республикалық және облыстық байқаулардың жеңімпаздарын тәрбиелеп жүрген күйші. Анам – Мәрзия Мусаева, қаламыздағы №198 Ж.Нұрманов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Ол үнемі ізденіс үстінде, үйде бізді ғана емес, мектебіндегі оқушыларын да чемпион етуге ықпал етіп, түрлі жобалар ұйымдастырады. Біз – көпбалалы отбасымыз. Ағам Нұрсәт 9-сыныпты үздік аяқтады. Ол да шахматтан облыс және республика деңгейінде бірнеше мәрте жеңімпаз атанған. Алты жасар қарындасым Хадия биыл 1-сыныпқа барады, «Champion» шахмат орталығында жаттығады. Екі жасар інім Ханнұр балабақша тәрбиеленушісі, шахматты жақсы көреді, достарымен бірге



Ернұр ЕРЖАНҰЛЫ, шахматтан Қазақстан және Азия чемпионы:

УАҚЫТТЫҢ ЖАУЫ – ТЕЛЕФОНМЕН
ДОС БОЛМАУҒА КЕҢЕС БЕРЕМІН

шахмат ойнайды. Жұрт бізді «Шахматшылар отбасы» деп атайды. Достарым да көп, олардың барлығы шахматшылар.

– Бүгінге дейінгі басты жетістіктерің қандай?

– Қала, облыс, республика, Азия және әлем чемпионаттарына қатыстым. 2024 жылы классика мен блицтен Қазақстан чемпионы атанып, ел намысын қорғау үшін Италияға бардым. Оған дейін

Басы 1-бетте



– Қай шахмат шеберін үлгі тұтасың?

– Әлемнің 16-шы чемпионы Магнус Карлсенді үлгі тұтамын. Оның ойынды жоспарлау логикасы мен сезімталдығы ерекше әсер етеді.

– Шахматта сені ең қызықтыратыны не?

– Әр партия – жаңа зерттеу. Бәсекелеспен ойша күресу, бірнеше жүрісті алдын-ала болжау, күтпеген комбинация табу маған шабыт береді.

– Күніне қанша уақыт дайындаласың?

– Орта есеппен 3-4 сағатымды шахматқа арнаймын. Шахматшы үшін ұзақ уақыт бойы ойын ойнау және сабырлы болуға бірінші кезекте арнайы ереже, күн тәртібі және күн сайын спортпен айналысу көмектеседі. Менің де шахматқа дайындығым таңғы сағат 6-да жүгіруден, жаттығу жасау, велосипед тебу, уақытылы ас ішу, күнделікті 2 сағат онлайн, 4 сағат өзім жеке дайындық және бассейн, тенниске бару секілді күн тәртібін қолданамын.



жасына, моторикалық дамуына, эмоциялық күйіне және бала мінезіне сай өтеді.

– 1-2 жастағы балалармен жұмыс істеу кезінде нені ескеру қажет? Жүзу сабағын қалай қызықты әрі қауіпсіз етуге болады?

– 1-2 жастағы балалар өте белсенді әрі зерттеуге құмар келеді. Бұл жаста сабақты қызықты етіп өткізу үшін ойын элементтері, түрлі түсті ойыншықтар мен ән пайдаланылады. Ең бастысы, баламен жылы қарым-қатынас орнату және оны мәжбүрлемей, қызығушылықпен тарту. Қауіпсіздік – біз үшін ең басты мәселе. Сабақ арнайы жабдықталған бассейнде, әр балаға жеке назар аударылып, ата-анасымен бірге өтеді. Бұл балалардың өзін қауіпсіз сезінуіне және ата-аналармен сенімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

София ХАЙРУЛЛА

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3920 Тапсырыс №1164

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН